

## Патенттік баж салығы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 5 желтоқсан N 1369. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.03. N 1139 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері және тауардың шыққан жерінің аты туралы" Заңның және "Қазақстан Республикасының Патент Заңын" тиімді жүзеге асыру, өнеркәсіптік меншік объектілеріне отандық және шетелдік арыз берушілердің мемлекеттік қорғау құжаттарын уақтылы беруді қамтамасыз ету, республиканың патент жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қ а у л ы е т е д і :

1. Өнеркәсіптік меншік объектілерін мемлекеттік қорғауға байланысты заңдық маңызы бар әрекеттері үшін қазақстандық және шетелдік арыз берушілерден патенттік баж салығын Қазақстан Республикасы Ұлттық патент ведомствосы алады деп белгіленсін.<\*>

Патенттік баж салығы өнертабыстарға, өнеркәсіп үлгілеріне, пайдалы модельдерге, тауар таңбаларына және қызмет көрсету белгілеріне, патент грамоталарын және өнертабыс сипаттамалары жарияланымдарына, өнеркәсіп меншігінің тіркелген объектілері туралы ведомствоның ресми бюллетеньдеріне, сондай-ақ материалдық-техникалық базаны дамытуға, кадр даярлауға және халықаралық патенттік келісімдерге қатынасуға берілген өтінімдерге сараптау жүргізуге бағытталған қызметті атқару үшін ведомствоның арнаулы қаражат жөніндегі ағымдағы есепшотына аударылады.

Арнаулы қаражат бойынша табыстың шығыннан асқан сомасы 25 процент мөлшерінде тоқсан сайын республикалық бюджет табысына аударылып о т ы р ы л а д ы .

**ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .**

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жаңа қаржы жылында Қазақстан Республикасы Ұлттық патент ведомствосына жыл сайын бөлінетін бюджеттік қаржы көлемін ведомствоның өткен қаржы жылының патенттік баж салығынан алған сомасын есептей отырып, айқындайтын болсын.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .**

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне енгізілген ұсынылып отырған өзгертулер бекітілсін.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің*

*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 5 желтоқсандағы  
N 1369 қаулысымен  
Бекітілген

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің  
шешіміне енгізілетін  
ӨЗГЕРТУЛЕР**

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы туралы" 1992 жылғы 21 шілдедегі N 622 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 30, 446-бап/ 10-тармағы күшін жоғалтты деп танылсын.

2 . < \* >

**Ескерту. 2-ші тармақ күшін жойған - ҚР Үкіметінің 1996.02.06.  
N 284 қаулысымен .**

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Өнертабыстарды, өнеркәсіптік үлгілер мен пайдалы модельдерді патенттеу, тауар таңбалары мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, тауардың шыққан жерінің атын пайдалану құқығын тіркеу және беру үшін алынатын баж салықтарын төлеудің тәртібі мен мөлшері туралы" 1992 жылғы 20 қазандағы N 889 қаулысында /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 41, 605-бап/:

2 және 3 тармақтардың күші жойылған деп танылсын;  
аталған қаулымен бекітілген Өнертабыстарды, өнеркәсіп үлгілерін және пайдалы модельдерді патенттеу үшін, тауар таңбалары мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, тауардың шыққан жерінің атын пайдалану құқығын тіркеу және беру үшін алынатын баж салықтарының мөлшері мен оны төлеу тәртібінің 30-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Баж салығын Қазпатент алады және ол ведомствоның арнаулы қаражат жөніндегі ағымдағы есебіне аударылады".

